

Кімге: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне

Аты-жөні, лауазымы: Жақанов Адай Ақылұлы Ақсу ауданы Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты ММ-нің бас маман-есепшісі

Күні: 12.10.2024

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы экологиялық мәселелер және оларды шешу жолдары

Кілт сөздер: Табиғат, Экология, Ластану, Климат, Жасыл инновация

Кіріспе. Қоршаған ортаға қатысты бірқатар қиындықтар туындап отырғаны жасырын емес. Сол себепті ғалымдар экологиялық жағдайға алаңдаулы. Олардың көпшілігі уақыт өте нашарлап, ғаламды экологиялық дағдарыс кезеңіне апарып соқтыруы ғажап емес. Сондықтан осы мәселелердің бар екендігі және олардың теріс әсерін азайту үшін не істеу керектігі туралы хабардар болу маңыздырақ.

Экологиялық жағдай қазіргі уақыттағы күрделі мәселенің бірі болып отыр. Ол біздің елімізде де, әсіресе индустриялы, дамыған орталықтарда, соның ішінде ауыл шаруашылық аймақтарында да өткір түрде қойылуда. Табиғи қорларды тиімді пайдалануда, қалаларды, елді мекендерді көгалдандыруда, ұлттық парктер, көгалды аймақтар жасауда көптеген шаралар іске асырылса да, айналадағы ортаны қорғаудағы жауапсыздық, болашақты ескермеушілік орын алып отыр.

Ауаның, судың, жердің ластануы салдарынан адамдардың өміріне және олардың өмір сүру ортасына зор қауіп төніп келеді. Көптеген индустриялы аудандарда айналадағы ортаның ластануы қажетті нормалардан асып түскен. Қазіргі уақытта табиғат және биологиялық орта тұтас алғанда бүкіл адамзат алдына күрделі талап қойып отыр.

Біздің планетамызды барлық тіршіліктің өмір сүруіне тиімді етіп сақтау үшін табиғатты, оның байлығын тұтыну тәсілдерін түгелдей өзгерту қажет. Кезінде белгілі жазушы Л.Леонов: “Адам баласының алдында бүгінде бірінші кезектегі екі мәселе тұр: бейбітшілікті және табиғатты қорғау, екеуі де болашақ өмір сүрудің шарты” деген. Ал Ш.Айтматов: “Біз бүгінде өркениеттің шыңына жеттік, онда адам табиғатты тұтынушы ғана емес, сонымен қатар бағындырушы, жасаушы болады. Біз бүгінде оған тәуелді ғана емеспіз, ол да бізге тәуелді” – деп жазады.[1]

Біздің республикамыздың табиғи байлық қоры мол. Бізде 48 мың көл, 85022 өзен бар. Өсімдік және жануарлар әлемі бай. Қазақстан жерінде 6 мыңға жуық өсімдіктің түрлері, сүтқоректілердің 172, құстардың 490 түрі бар. Осы байлықты тиімді түрде, аса зор қамқорлықпен пайдалануымыз қажет.[2]

Бүкіл Арал аумағында іш ауруы етек алды. Балалардың өлімі Жапониядан 20 есе асып түсті. Қарын, бүйрек, бауыр аурулары адамдарды өмірлік мүгедекке айналдырды. Балалар ауруы болып тууда.

Үлкен Алматы каналының салынуына байланысты, химиялық тыңайтқыштарды есепсіз пайдаланудың нәтижесінде егістік жерлер тұзданды. Арал тағдыры қайта басталды. Балқаш – Іле аймағының экологиялық жағдайы күрделі мәселеге айналды.

Республикамызда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды тазалау қондырғыларының сапасы мен тиімділігі 30% -дан аспайды. Өндіріс сарқынды, шайма және қолданылған суларының әсерінен, Ертіс, Орал, т.б. өзендерінің суы, зияндылығы жөнінен нормативтік көрсеткіштерден әлдеқайда асып түседі. Өзендердегі судың өздігінен тазаруы, тек 300 километрлік жол жүріп өткен соң ғана турбулентті және ламинарлы араласулар әсерінен жүзеге аса алады. Тіпті, бұл су көздерінің есте сақтау қабілеті де зақымданған. Қазіргі экожүйені қалыптастыру, ғылым мен техника жетістіктерін ендіру, осы мақсаттарға қаржы жұмсау мөлшері теңізге тамған тамшыдай... Жер және минералды шикізат ресурстары, ауыл шаруашылық алқаптары, тозудың аз-ақ алдында десе де болады. Бұл айтылғандарға, үлкен аумақтардағы жер дефляциясы дәлел болады. Суармалы жерлердегі құнарлылықтың төмендеуі, топырақ қабатындағы гумус қабатының көз алдымызда жұқалануы, Қазақстан далаларының егіс алқаптарында жиі байқалып отыратын құбылыс. Ал, табиғатта қалыңдығы 5 см гумус қабатын жинау үшін жүздеген жылдар қажет болса, аридті климатты аймақтар үшін бұл мақсатқа мыңдаған жылдар кететіні анық. Топыраққа рекультивация жасау да қымбатқа түсетін іс-шара: 1 га үшін 300 мың теңгеге дейін, кейде одан да көп шығын жұмсалады. Мұның тағы бір зиянды, экожүйенің микроклиматы енді қайтып орнына келмейтін күй кешеді. Пайдалы қазбалардың ішінен, республикаға, әсіресе ең максималды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік зиян шектіріп отырғаны полиметалл кендері, түсті металлургия, ал микроэлементтерден қорғасын, хром оксиді, марганец және уран. Олардың басым көпшілігі, шикізат күйінде басқа елдерге жөнделіліп, дайын өнім мен қымбат бұйымның тиімділігін солар көріп отыр. Біздің маңдайымызға әзірше жазғаны, шикізат өндіретін орындардың маңындағы зиянды қалдықтар мен бүлінген су, ауа, топырақ әсерлері. Қоршаған ортаның, Республикамыздағы халықтың науқастануына тигізер әсері 60 пайыз шамасында. Ол әсіресе, тау-кен өнеркәсібі орналасқан қалаларда жоғары. Қалаларда экологиялық ахуал, соматикалық аура түрлерінің өршуіне ықпал етуде.

Қоғам мен табиғат арасындағы қатынас шиеленісе түсті. Осылайша экологиялық апат адамдардың денсаулығына, оның болашағына қауіп төндірді. Теңіз кенішінде тау болып үйілген күкірт мәселесі облыстық әкімдіктегі үлкенді – кішілі басқосуларда талай мәрте талқыланды.

Әрине, одан күкірт көлемікеміп кетпегенімен, расын айту керек, шешімді шаралар алынып жатыр, бастапқы қадамдар жасалуда. Алайда, Қазақстандағы ең ірі мұнай өндіру компаниясы ауқымды экологиялық проблемаларға тап болып отыр. Мысалы, облыста атмосфералық ауаға шығарылатын барлық залалды қалдықтардың жартысынан астамы бірлескен кәсіпорын үлесінде. Теңіз кеніші аумағында 9 млн тоннадан астам күкірт ашық аспан астында жатыр. Бұл дүние жүзі бойынша осындай әдіспен сақталған күкірттің 40 пайызын құрайды.[3] Табиғатпен қайшылықтың шиеленісуіне техника, өндіріс қана кінәлә емес, кінә адамдардың іс-әрекетін дұрыс басқармаудан, қабілетсіздіктен, қоршаған ортаны сақтауға ынтаның жоқтығынан болып отыр. Табиғатпен тиімді қатынасты қалыптастыруда адам шешуші фактор. Табиғатты қорғаудағы басты стратегиялық бағыт – мүмкіндігінше қалдықсыз технологиялық процестерді енгізу. Бұл қоршаған ортаның ластануын азайтады немесе түгелдей жояды, шикізаттың бастапқы түрлерін өңдеуге мүмкіндік береді және қосымша өнім алуға да жағдай жасайды. Айналадағы ортаны, негізінен табиғатты адамның пайдалану сипатындағы қалыптасқан қайшылықты өзгертудің үлкен маңызы бар. Табиғат қорықтары, парктер өсімдіктер және жануарлар әлемін сақтауға мүмкіндік береді, сирек кездесетін немесе жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғайды. Табиғатты қалпына келтіріп, байытудың маңызы өте үлкен. Ол үшін көгалдандару, бау-бақша өсіру, суқоймаларын жасау жұмыстарын үздіксіз жүргізу керек. Ағаш отырғызу жұмыстың жартысы ғана, істің нәтижесі – оны өсіруде. Табиғатты қорғау саласының бірі – экологиялық бақылау. Бұл бағытта бірсыпыра жұмыстар іске асырылуда. Республика блйынша облыс, аудан, қалаларда айналадағы ортаны қорғау, экологиялық бақылау мекемелері құрылды.

Адам мен табиғат арасындағы қайшылықты шешуді қоғам реттейді, оның қызметі – адамдардың санасын тәрбиелеу және олардың өзін қоршаған әлемді қорғауға бағытталған ынталы жігерін қолдау. Қазіргі уақытта барған сайын көптеген елдер оны шешу үшін өздерінің күш-жігерін біріктіре бастады. Ұзаққа созылатын экологиялық қауіпті жоюмен қатар, төтенше экологиялық жағдайларда көмек көрсетілуде. Осының бәрі БҰҰ-ның ұсынған “Жер біреу ғана!” деген ұранын жүзеге асыруды көздейді.[4] Дүниежүзілік қауымдастық мынадай жағдайды басшылыққа алады: экологиялық проблеманы шешудің басты жолы – адамдардың өндірістік және өндірістік емес іс-әрекетін қалыпты экологиялық дамуды– айналадағы ортаны бүкіл адамзаттың және әрбір адамның мүддесіне сай өзгертуді қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру.

Мінеки енді осы экологиялық апаттан қалай құтылуға болады? Табиғатты қалай сауықтыруға болады. Бұл өте күрделі мәселе. Бұл үшін ең алдымен, адамдардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, дұрыстау керек, тәрбиелеу керек. Ол үшін балалар бақшасынан

бастап, мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, адамдардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, қалыптастыру керек. Қазіргі заманға сай экологиялық идеология қажет. Егер біз, жас ұрпақты кішкентай кезінен бастап табиғатты сүйеге тәрбиелемесек көп нәрседен ұтылатынымыз хақ. Әрбір тәрбиеші, мұғалім, маман, басшы, экология негіздерін жақсы білуі қажет Сонда ғана, әрбір адамның миында, қанында, көзқарасында қоршаған ортаны бүлдірмеу керектігі туралы негіз қалыптасады. Адамдар сонда ғана туған өңір табиғатын қорғауға белсенділік көрсете алады.

Адамның шаруашылық әрекеті табиғаттың өзгеруіне әсер ететін ерекше фактор. Адам еңбек пен ақыл ойдың арқасында қоршаған ортаға бейімделумен қатар, оны өзгертеді. Сондықтан табиғатты өзгерту барысында адамзат оның кейінгі зардаптарын да ескеруі қажет. Табиғат кешендеріне кері әсер ететін озық ғылыми-техниканың тікелей қатысы жоқ. Ол өзгерістерге кінәлы прогресс емес, техникалық жобаларда адамның шаруашылық әрекетінің әсері есепке алынбаған. Жауын-шашын мөлшерін, топырақ ылғалдығын ескерместен топыраққа минералды тыңайтқыштар енгізу, ол заттардың шайылып, өзендер мен бөгендердің ластануын туғызды. Мұның бәрі қаншама еңбек пен шикізатты зая кетірумен бірге, қоршаған ортаның жағдайын нашарлатады. Ірі бөгендер салуда аумақтың табиғат ерекшеліктерін ескермеу мезгілсіз батпақтануға, топырақ, өсімдік жамылғысы мен сол жердің микроклиматының өзгеруіне әкеп соғады. Қазіргі кезде антропогендік ландшафтар басым. Ландшафтарды жақсарту үшін оларды өзгертетін шаралар жүргізеді. Соның бірі – мелиорация. Мелиорация жердің жағдайын жақсарту мен оны пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған шаралардың жиынтығы болып табылады. Табиғатты тиімді пайдалану, көркейту және қорғау кешенді түрде қарастырылуы қажет. Рио-де-Жанейро декларациясының қағидаларын есепке ала отырып Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігі проблемалары және қоршаған ортасының жағдайына ғаламдық, ұлттық және жергілікті деңгейде қаралуын қарастырады.[5]

Қоршаған ортаға қатысты бірқатар қиындықтар туындап отырғаны жасырын емес. Сол себепті ғалымдар экологиялық жағдайға алаңдаулы. Олардың көпшілігі уақыт өте нашарлап, ғаламды экологиялық дағдарыс кезеңіне апарып соқтыруы ғажап емес. Сондықтан осы мәселелердің бар екендігі және олардың теріс әсерін азайту үшін не істеу керектігі туралы хабардар болу маңыздырақ.

Соңғы уақытта қоршаған ортаға байланысты экологиялық мәселелер туындап жатыр. Оған түрлі факторлар әсер етуде. Соның ішінде негізгі фактор – жер бетіндегі халық санының артуы.

Одан бөлек, қоршаған ортаның ластануы, жаһандық жылыну, ресурстардың сарқылуы, су тасқыны, шөлейттену, климаттың өзгеруі сынды экологиялық мәселелер жиі көтеріліп жатыр. Аталмыш мәселелер тек бір мемлекет шеңберінде ғана шешіле салатын жағдай

емес. Оған барша мемлекеттер ат салысып, шешімін табу жолында бірлесіп жұмыстар атқаруда. Оның да нәтижесі жоқ емес.

Климаттың өзгеруі де айтарлықтай қиындық туындатып отыр. Зерттеулер көрсеткендей, климаттың өзгеруі белгілі бір аймақпен шектелуі немесе бүкіл аумаққа әсер етуі мүмкін. Қысқаша айтқанда, климаттың өзгеруі жаһандық энергетикалық теңгерімдегі өзгерістерден туындайды. Экологиялық проблемалар экожүйенің қалыпты жұмысының бұзылуына байланысты.

Қорытынды. Экологиялық мәселелерге әлем халқы алаңдаушылық білдіріп отыр. Адамдар біздің күнделікті өмірімізде қоршаған ортаның бұзылуының салдары туралы хабардар бола бастады. Сол себепті табиғи ресурстардың сарқылуын және даму процесін тоқтатпай қоршаған ортаның ластануын тоқтату маңызды болды.

Менің ойымша қазақстандағы жер ресурстарының жақсаруы ең алдымен Семей ядролық полигонының кең аумағын қалпына келтірумен байланысты. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанның бастамасымен Семей облысын оңалту бағдарламасын қабылдады, оның құрамына қару-жарақты сынаудың зардаптарын зерттеуден зардап шеккен халыққа гуманитарлық көмек көрсету кіреді. Қазақстанның дамыған индустриалды ел ретіндегі экологиялық проблемалары ондаған жылдар бойы жиналып келді. Өз ресурстарын жақсарту үшін Қазақстан қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысатын көптеген аймақтық және халықаралық ұйымдарға қатысады. Бұл жеткілікті ме, уақыт көрсетеді.

Экологиялық мәселелерді шешу үшін ұсынымдар:

- Бір рет қолданылатын пластик ыдыстардан аулақ болу;
- Таза және қолжетімді энергияны насихаттау;
- Тұрақты ауыл шаруашылығына көшу;
- Азық-түлік қалдықтарын азайту;
- Көбірек ағаш отырғызу;
- Жасыл инновацияны алға жылжыту;
- Су мен электр қуатын үнемдеу;
- Бір рет қолданылатын өнімдердің орнына қайта пайдалануға болатын өнімдерді пайдалану;
- Табиғи ресурстарды сақтау үшін қалдықтарды қайта өңдеу.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Ә.Бейсенова, А.Самақова, Т.Есполов, Ж.Шілдебаев Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Алматы-2004

2. <https://stat.gov.kz/>

3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

4. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/1860409-kazakstandagy-ekologialyk-problemalar-men-olardy-sesu-zoldary/>

5.

https://nege.kz/amp/ekologiyalik_maselelerdin_sheshimi_20231130230305